С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.263-265

СИЫР СҮТІНІҢ ДЕНЕ БІТІМІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Нәуел Г.

Сүтті бағыттағы сиыр өсірудегі басты мақсат барынша аса жоғары сапалы сүт сауу. Сиырдың сүттілігі 305 күнде сауылған тәулігіне, декадасына, айына және тәулігіне ең көп шыққан сүт мөлшеріне қарай анықталады. Сондықтан сиырдың сауылу мерзімі қысқа болса, ондай сиырдың пайдасы аз.

Бірінші және екінші бұзаулаған сиырдан сақа сиырлармен салыстырғанда сүт 15-30% кем шығарады. Алтыншы , жетінші, сегізінші, бұзаулаған сиырлардың да сүттілігі азая түседі.

Алғаш ұрықтандыру жасы сиырдың келекшегі сүттілігіне әсерін тигізеді. Ерте ұрықтандырылған құнажын өспей қалады да, оның сүті де төмен болады. Сондықтан уақыты келген құнажының салмағын да ескеру керек. Құнажынды оның салмағы сақа сиырлар салмағының 70% жеткенде ұрықтандырған дұрыс.

В. Ф. Воскобойниковтың зерттеулеріне қарағанда қара ала тұқым сиырлары салмағының бұзаулау алдында 530-550 кг тартқаны жөн. Бұзаулау алдындағы тірілей салмағының тым төмендеуі оның сүттілігінің 300 кг дейін төмендеуінің себепші болады, ал салмағы 500 кг сүтін кемітеді. Ал суалу мерзімі 30 күн болса, ссүттілігі 20% кемиді.

Сиырдың салмағы мен сүттілігі арасында тығыз байланыс бар екендігін белгілі. Сүттілік коэффициенті деп сиырдың әрбір 100 кг салмағына шаққанда сауылған сүт мөлшерін айтады. Әрбір 100 кг салмағына шаққандағы сүті де төмен. Ал ірі сиырдың сүті көп болғанымен салмағы жоғары. Сондықтан қайсыбір жпғдайда олардың да көрсеткіші төмен болуы мүмкін. Соған орай сиырдың тірілей салмағы мен сүттілігі арасындағы байланысты туып, сұрыптау жұмысын осыған орай жүргізген дұрыс. сиыр сүтілігінің ерте көтерілуі жұмсалған азықтың тез өтілуін ғана емес, кәрі сиырдарды жылдам ауыстырып, табынды жас малмен уақтылы жаңалауды да қамтамасыз етеді.

Сиырдың тірілей салмағы мен сүттілігі арасында өзара байланыс бар екендігі анықталған. Егер сиырдың сүтті малға тән дене бітімі, тұлғасы сақталса, тірілей салмағы өскен сайын оның сүттілігі де көтеріле түседі.

Профессор С.А. Рузский сиырдың тірілей салмағымен мен сүттілігінің арасында айнымалы байланыс бар екендігін де анықтады. Сиырдың салмағы артқан сайын, белгілі бір шамаға дейін сүттілік көтеріледі де, одан әрі тірілей салмақ қанша артқанмен сүттілік мөлшері өспейді.

Қазіргі таңда елімізде сүтті бағыттағы ірі қара малдың 7 түрі өсіріледі. Оларға: алатау, симментал, қара-ала, қырдың қызыл және әулиеата сиырлары жатады. Бұл тұқымдардың өнімділік көрсеткіштері лактацияның бір кезеңінде бар болғаны 2200-3200 кг сүтті құрайды, бірақ олардың генетикалық потенциалы 2800-3500 кг сүтке тең келеді. 2009-2011 жылдары импорттық тұқымдарды (американдық селекциядағы швиц, қара-ала және қызыл-ала голштинофриз тұқымдары) пайдалану нәтижесінде сүтті бағыттағы жаңа тұқымдары алынды: бурыл «Ақ Ырыс» алатау тұқымында, қызыл ала Ертіс симментал тұқымында және Сайрам сүлесі қара-ала және әулиеата тұқымдарында.

Еліміздің сүт өндіру ісінде өз үлесін қосып келе жатқан кәсіпорындардың бірі «Астана - Өнім» АҚ, яғни негізгі өндіріс салалары мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу болып табылатын ауыл шаруашылығы кәсіпорны болып табылады.

Қазіргі жалпы есеп бойынша қожалық иелігінде 700 ге тарта асыл тұқымды қара-ала сиыр және тауарлық жылқы өсіріледі. Шаруашылықта өсірілетін қара-ала сиырлары бір сауым маусымында орташа есеппен 4012–5890 кг сүт береді, сүтінің майлылығы 3,69% құрайды.

Қашарлардың бір жарым жасқа дейінгі өсіп дамуы оның келешектегі сүттілігін анықтайды, себебі жануарлардың тірі салмағы- ол организм «беріктігінің қоры», ал сүтті тип бойынша пропорционалды дене тұрпаты – жануардың барлық мүшелерінің қалыпты өнімділікте жұмыс істеуінің кепілі.

Шаруашылықтағы құнажындар бірқалыпты өсті, оны біз төмендегі кестеден көріп отырмыз, онда қашарлар мен сиырлардың дене өлшемдері мен дене бітімі берілген.

1 кесте- 18 айлық қашарлар мен бірінші бұзаулаған сиырлардың дене бітімі ерекшелігі

Дене өлшемдері	өлшем бірлігі	Қашарлар	Сиыр
		18 айлық	3 жас
Шоқтығының биіктігі	см	122,5±0,9	131±0,71
Құйымшақ биіктігі	см	124,6±1,0	138,3±0,82
Кеуде енділігі	см	39,5±0,4	43,1±0,96
Кеуде орамы	см	171,0±0,3	214,3±0,41
Кеуде тереңдігі	см	71,1±1,0	69,6±0,89
Мықын енділігі	см	45,0±1,0	48,3±0,95
Сербек енділігі	см	43,5±0,8	47,3±1,0
Тұрқының қиғаш ұзындығы	см	156,3±0,5	149,6±0,4
Жіліншік орамы	см	20,5±0,5	22,3±0,61
Тірілей салмағы	кг	467,0±22,1	538,0±12,3

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай «Астана-өнім» АҚ өсірілетін қашарлары бойшаң, жалпақтау және тірілей салмағы жоғары екенін байқаймыз. Жасы өскен сайын сиырлардың бойы ұлғаю үстінде және тағы бір еркешелігі кеуде орамы әлдеқайда жоғары.

Шаруашылық бойынша 316 сиырдың, 95 бірінші бұзаулаған құнажындардың сүт өнімділігі мен құрамының көрсеткіштерін есепке алдық, орташа 305 күндегі сауымы 4862кг, майлылығы 3,68%, ақуызы 3,12%, сүттегі май мөлшері 178,9кг, Сүттегі ақуыз мөлшері 151,69кг болды.

Зерттеу нәтижесінде сиырлардың сүт өнімділігін бойшаңдығы мен тұрқының ұзындығы бойынша оң байланыс бар екені анықталды. Яғни тұрқының қиғаш ұзындығы 160 см жоғары, шоқтығының биіктігі 128-30см қашарлардан алынатын сүт мөлшерінің жоғары екені байқалды.

Ғылыми жетекші, а.ш.ғ.к., доцент Н.Ж.Қажғалиев